

А.А. Мирзахметов

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: mirza_achmet@mail.ru)*

Архетип және көркем шығармашылықтағы «түпсана»

Мақалада архетип ұғымы, оның идея ретінде туындап, ол туралы негізгі тенденциялар мен концепциялар жүйеленген. Архетип тарихи-мәдени жадымыздағы маңызды ұғымдардың бірегейі болып табылады. Бұл ұғымның терминдік сипатқа ие болып, ғылыми айналымға енуі белгілі швед ғалымы К.Г. Юнгтің есімімен байланыстырылады. Мақала авторы К.Г. Юнгке дейінгі пікір айтушылардың маңызды тұжырымдарына да назар аударып, ой қорытады. Антикалық философиядан бастау алған бұл ұғым әдетте Платон айтқан «эйдос» жайлы түсінігінен орын алғандығы сөз болады. Сондай-ақ Бл. Августиннің көзқарастарында кездесетіні айтылған. И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Ф.В.И. Шеллинг сынды ойшылдардың пікірі аталған зерттеушілер пікірімен үндес екендігі салыстырулар арқылы тұжырымдалған. XX ғасырдың ғылыми концепциясынан «архетипке» мағыналас Э.Дюркгейм мен Л. Леви-Брюльдің «ұжымдық ұғымын», Ф.Бастианның «қарапайым идеялар» немесе «алғашқы түсінік» тұжырымдары да мысалға алынған.

Кілт сөздер: архетип, идея, тенденция, концепция, бейсаналық, миф, образ, сюжет, түсінік, маңызды субстанция.

Кіріспе

Архетип теориясының ғылыми айналымға енуі швед психиатры К.Г. Юнгтің оқуларына телінеді. Оған дейінгі жол ашушылардың мыңжылдық тәжірибесі көбіне назардан тыс қалып жатады, айтылған күннің өзінде фрагменттік, атүсті ескеріледі. Мысалы, антикалық философиядан бастау алған бұл ұғым әдетте Платонның айтқан «эйдос» жайлы түсінігінде, кейін Бл. Августиннің көзқарастарында бас көтерген. Араға ғасырларды салып И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Ф.В.И. Шеллинг сынды ойшылдардың пікірімен үндестігі бар. XX ғасырдың ғылыми концепциясынан «архетипке» мағыналас Э.Дюркгейм мен Л. Леви-Брюльдің «ұжымдық ұғымын», Ф.Бастианның «қарапайым идеялар» немесе «алғашқы түсінік» тұжырымдарын байқауымызға болады. Бұл жайында К.Г. Юнг өз теориясының қайнар бастаулары туралы жазған еңбектерінде атап өткен: «Бағзы заманда Аристотельдің көзқарасына қарамастан, барлық құбылыстың алғышарты және «мінсіз тәртібі (supraordinate)» ретінде платондық Идея бас көтерді... «Архетип» әсте жаңа термин емес, себебі ол бұған дейін Св.Августинде және «Идея» ұғымының синонимі ретінде қолданылып келген. III ғасырға тиесілі болуы мүмкін Corpus Hermeticum еңбегінде Құдайды «архетиптік жарық» ретінде сипаттаған».

К.Г. Юнг «Ұжымдық бейсаналықтың архетиптері хақында» атты еңбегінде «архетип» сөзі арғы христиан философиясының өкілдері Филона Иудеяда «адамдағы Құдай бейнесі» ретінде кездесетінін, Иранияда: «Әлем Жаратушысы нәрселерді өз ішінен жасаған жоқ, алайда Ол оларды өзінен тыс архетиптерге ұқсатып жаратты» деп келетін жолдарды мысал ретінде келтірген. Ғалым «Инстинкт және бейсаналық» мақаласында архетип идеясын Бл.Августиннен алғандығын айтады [1] және бастапқыда архетиптерді «алғашқы образдар» деген атаған сөзін өзіне дейінгі ғалымдардың қолданысынан алынғандығын «Британ психологиялық қауымдастық» симпозиумінде (12.06.1919 жыл, Лондон) ғылыми ортаға ашық мәлімдейді.

Ізденіс нәтижесінде «архетип» термині Дионисия Ареопагитада бірнеше рет кездесетіні анықталды. Мысалы, «Аспан иерархиясы» трактатында — материалдық емес архетиптер, «Қасиетті сандар» трактатында — архетиптік тас («De selesti hierarchia») сөздері пайдаланылған. Леви-Брюль элементанаудағы символикалық фигураларды белгілеу үшін «ұжымдық ұғым» терминін қолданған екен.

Негізгі бөлімі

Юнг «архетип идеясы» жүріп өткен мыңжылдықтар жолын жоққа шығармайды. Өзін жаңалық ашушы ретінде көрсетуден аулақ, тек жалғастырушы екендігіне назар аудартқысы келген. Ғалым «алғашқы образдар қиялға ерік берілгенде көрінетінін және бұл жерде архетип ұғымының сипаттық қолданысы шығатынын» мысалға келтіре отырып: «Мен бұл фактіні келтіріп отырған алғашқы адам

емеспін. Бұл құрмет Платонға тиесілі. «Қарапайым идеялардың» кеңінен таралғандығына назар аударған, этнология аймағындағы тұңғыш зерттеуші Адольф Бастиан еді. Кейін Дюркгеймнің ізбасарлары — Юбер мен Мосс атты екі ғалым қиялдың «категориялары» жайлы айтты. «Бейсаналық ойлау» деп аталатын бейсаналық тұрғыдан бейімделуді алғаш Герман Узенер байқады. «Бұл жаңалықтарға менің қатысым болса, ол — архетиптердің тек дәстүр, тіл және миграцияда ғана таралмаған, архетип қандай да бір сыртқы әсерсіз кез келген уақытта, кез келген жерде пайда болатындығын көрсеткенімде», — деп ағынан жарылады [2; 215–216]. «Кез келген уақытта, кез келген жерде пайда болатын» архетип бұған дейін жазылған және бұдан кейін де жазылатын көркем шығармаларға назар аудартады. Қайнар бастаудағы ақпарат тек пошымын өзгертіп, қайта жаңғыра бермек.

Зерттеу жұмысының ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі архетиптердің генезисі мен әртүрлі архетиптік кешендерді анықтауда негізгі мақсаттардың біріне жету жолында жинақтаған «архетип» жайлы мағлұматтарды Батыс ғылымындағы «архетип» негіздемесі және орыс әдебиеттануындағы «архетиптік» бастаулар деп ішінара екіге бөліп қарастырдық.

«Архетиптің» қайнар бастауы, негіздемесі Батыс ғылымына тиесілі.

Ұзақ уақыт бойы «архетип» ұғымы классикалық «идея» ұғымымен синоним болды. Платонның пікірінше, әр ұғым — болмысқа, ерекше мәнге ие. Бұл мәндер — идея (немесе түрлер) деп аталады. Идея — бұл шынайы болмыс. Идеялардың ешқайсысы пайда болмайды және жойылмайды, бір-бірінен алшақ емес. Олар сезіммен қабылданбайды, тек терең оймен ғана ашылады. Әр идея әр нәрсенің алғашқы үлгісі (парадигма) сынды. Яғни, әр нәрсе идеяның өзі секілді. Платонның идеялары жоғарғы идеямен түйінделген идеялардың иерархиясын құрайды (Демиург → әлемдік жан → төрт күш (жер, су, ауа, от) — денелік табиғат). «Идеялар туралы білім адам жанында бұрын көрген естелік ретінде сақталады. Адам жаны сезімдік образдарға берілгендіктен естеліктер ұмтылады, бірақ кейін қайтадан өмірге келеді. Жаңа білімді игеру дегеніміз — туа біткен жалпы ұғымдарды еске түсіру немесе көкірек көзінің ашылуы арқылы түйсіну деп аталады», — дейді [3; 171].

Платон «көкірек көзінің ашылуын» ойлаудың табиғи тәсілі деп атады. Бұл тұрғыдан келгенде Анаксагор екеуінің материалдық сипат алғанға дейінгі «тұқым-эмбриондар», заттардың идеясы жайлы түсініктері өте ұқсас. Екеуі де «өмір мен өлім — бұл бұрыннан бар «эйдос», «тұқым» элементтерінің қосылуы мен бөлінуі ғана» деген тұжырым айтқан. Тек Платонның ілімі аспан денелерінен бастап адамға қарай ауысуға басымдылық берген. Яғни, адамның жердегі тұрмысын аспани құбылыстармен түсіндіргісі келген. Ғалымның идея туралы ілімін түсіндіретін «Мемлекет» атты жетінші кітабында айтылатын атақты «Үңгір туралы мифі» сөзіміздің дәлелі бола алады. «Адамның жердегі тұрмысы — қараңғы үңгірдің қабырғасына түсіп тұрған жарықтағы көлеңке сынды, шынайы өмір үңгірдің сыртында», — дейді Платон [4; 254].

«Тұқым-эмбриондар» туралы ой Эпикурға: «заттар образ қалыптастыратын атомдар кешенін бөледі. Образдардың қалыптасу жолы біздің сезімдерімізге тікелей әрі дәл әсер етуі арқылы іске асады» деген тұжырым жасауға мүмкіндік берді. Ол осы тұжырымнан ақиқаттың үш «өлшемін (критерий)» шығарады.

Бірінші өлшем — Объективті (бәз қалпында қабылдау);

Екінші өлшем — Пролепсис (сезім әсерлері қалдырған іздер);

Үшінші өлшем — «Ләззат» және «азап» сезімдері.

Яғни, Эпикур теориясы Платон мен Аристотельдің теориясын біріктіреді (Аристотель «жалпыдан — жалқыға» қатынасын назарға ала отырып заттардың пайда болу ұғымдары арқылы олардың мәні мен мазмұнын білуге болады деген).

Кейін, орта ғасырларда реализм пайда болды. Олар эмпирикалық әлемдегі жекелеген заттар емес, тек жалпы ұғымдар немесе универсалиялар ғана ақиқатқа ие деген ұстанымды алға тартты. Универсалияның бар екендігі ешкімге күмән тудырмаса да, көптеген даулы сұрақтардың пайда болуына әсер етті. Универсалиялар ұғымын «заттар пайда болғанға дейінгі» (Джон Скот Эриуген), «заттардың ішіндегі» (Фома Аквинский), «заттардан кейінгі» (Локк) ақылмен қалыптасқан немесе қарапайым «заттар атаулары» (номиналистер, Оккам, Росцелин) деп түсіндірген пікірлер бар [4; 468].

Иоанн Скот Эриуген «Табиғатты бөлу туралы» еңбегінде алғашқы үлгі жайлы ойларын ортаға тастап, «Архетип» деген сөзді алғаш рет пайдаланған. Ол «табиғат өздігінен жаратылды ма, әлде жаратушының әсері бар ма?» деген сұраққа жауап іздей келе:

1) Табиғат жаратылмаған және жаратушы — бұл Құдай.

2) Табиғат жаратылған және жаратушы — бұл Логос немесе ішінде барлық заттардың *архетиптері* бар Құдайдың құдыреті (архетип сөзі тұңғыш рет осы сөйлемде пайдаланылған — Автор). «Ондағы бар нәрсе ешқашан жойылмайды — бұл мәңгілік өмір». Бұл жерде автор табиғи заттарды және тылсым дүниелерді бір уақытта жарата алатын әлдебір субстанция туралы айтып тұр.

3) Табиғат жаратылған, бірақ өзі жарата алмайды. Бұл кеңістік пен уақыт бойынша құрылған әлем.

4) Табиғат жаратылмаған және жарата алмайды... Бәрі Құдайдың ішінде, һәм Құдай бәрінің ішінде болады. Яғни бастапқы архетиптер Құдайдың айналасында және Құдайда шоғырланады [5; 95].

Түпкі бейне, алғашқы бейне жайында Бонавентура (әлемді тұрақты символдар жүйесі ретінде бейнелейтін дәстүр), Аверроэст (адам интелектісінің бірлігі [5; 124], Сент-Августин (жаралғанда барлық мүмкіндіктердің «дәндері отырғызылған» [5; 193]) сынды ғалымда өз теорияларын ұсынады.

Corpus Hermeticum (шамамен б.з. III ғасырында жазылған, XIV ғасырда Фицино аударған) Құдайды «архетиптік жарық» ретінде бейнелейді. Бұл Құдайдың бүкіл әлемнің прототипі екенін білдіреді [5; 230]. Фицино еңбегінде: «универсумның көрінуі магиялық жады негізінде жатыр, оны зерттеу әдісі бұл тәжірибеден кейін жадыда қалған архетип-образдарды анықтады» деп жазады. Дж.Бруно «Идея көлеңкелері» кітабында идея көлеңкелері танымға сыймайды, олар магиялық образдар, Құдайдың ақыл-ойының шапағы, барлық материалдық заттар олардың көшірмелері екенін айтты [6; 22].

Кез келген зат өзінде бар дүниемен дамиды. Дәннің (тұқымның) ішіндегі өсуіне әсер ететін күшті Парацельс «архео» деп атаған. Архео — бұл материяның өмірлік бастауын ұйымдастыратын аристотельдік форманың материалдандырылған бір түрі. Парацельс оны «қырнап-жону» әрекетімен салыстырады: «бізді Құдай қалыптастырды, содан кейін өмір қырнап-жонады» [6; 62].

Декарт «Меннің» ойлаушы болмыс ретінде көптеген идеяларға толы екенін байқайды. Ол идеялардың үш түрін ажыратады:

- туа біткен, адам сана-сезімі арқылы өз ішінен табады;
- жүре пайда болған, адамға сырттан келіп, мүлдем басқа нәрселерге жүгіндіреді;
- жаратылған, өзі құрастырып алған [6; 201].

Лейбниц идеялар тұқым сынды адамға туа бітеді де, тәжірибе арқылы анықтала түсетін қабілет, икемділік сынды уақыт өте айқын көріне бастайды деген. Ол кейін Платонның «еске түсіру» жайлы айтқанының негізі бар екенін мойындап, тіпті одан зоры «адам жанына бәрі мәлім» [6; 295] екенін айтты. Бұл Платон ілімінің жаңа мән-мағынасы еді.

Малбранштың «Сұхбаттарында»: «Құдай — бұл әлемді құрайтын және біздің тәніміз өмір сүретін материяның архетипі, ол біздің барлық шындық идеяларын қамтиды» [6; 227].

Осылайша, Декарт, Лейбниц, Мальбранш, Паракельс және Бруно архетиптердің шығу тегін «құдайлыққа» тіреген. Дегенмен, схоластикада «архетиптер — бұл адамның санасында таңбаланған және пайым жасауына көмектесетін табиғи образдар» деген пікір де бар (мысалы, Шербург Гербер).

Локк қарапайым идеялардың екі түрі — сезіну мен рефлексивті идеялар бар деп жазған. Беркли «*Treatise Concerning the Principles of Human Knowledge*» («Адам білімінің принциптері туралы трактаты») еңбегінде: «...барлық мағынаға ие болған сөздер идеяларды белгілеуге қызмет етеді. Кез келген білім біздің идеяларымызбен жүзеге асырылады. Барлық идеялар сыртқы немесе ішкі әлемде пайда болады. Егер сырттан пайда болса, онда олар сезім мүшелерінен пайда болғаны, яғни, «сезіну» деп аталады. Егер олар іштен пайда болса, онда ол ақыл-ойдың әрекетін білдіреді және ойлар деп аталады» деген [7; 139].

Гельветиус физикалық сезінушілік пен есте сақтау қабілеті немесе тек сезімталдықтың өзі барлық идеялардың қалыптасуына себеп болатындығын дәлелдеді [6; 506].

Вольтер: «...адамдардың іс-әрекеттері ешқашан еркін болмайды. Іс-әрекет сөзсіз темпераменттің, пайда болған идеялардың, бақыт туралы ұғымдардың салдары. Бір сөзбен айтқанда, алған тәрбиеге, келтірілген мысалдарға, өмірлік тәжірибеге негізделген көзқарас» деген [6; 510].

Біз ежелгі, ортағасырлық мен жаңа дәуірдегі ең ірі философтардың сөздерін келтірдік. Бірақ бұл архетипті туралы жазған, айтқан, әлдебір ұғыммен салыстыру үшін қолданған ғалымдар қатарының толық тізімі емес. Гераклит, Прокл, Плотин, Филон Александрийский, Дионисий Ареопагит, Авиценна, ибн Араби, Сухраварди, Вико, У.Блейк, Т.Тейлор, Карус, Гартман, Экхарт — бұл толық тізімнің бір ширегі ғана.

Ғылым қанатын кеңге жая бастаған кезде «идеяның» құндылығы біршама төмендеді. «Идея» ұғымының мазмұнында архетиптің метафизикалық құндылығы да жатқаны мәлім. Себебі, «идея» танымның ішкі шарты ретінде — «ойға» айналады. Спиноза өз тұжырымда: «идеяны» жанда пайда болатын ой ретінде қабылдаймын», — дейді [8]. Кант архетипті «априорлы идеялар» деп ақыл-ойдың шектеулі категориясына жатқызған. Архетип Дюркгеймнің «ұжымдық идеяларымен», бихевиористердің «мінез-құлық үлгілерімен», И.Г. Ламберттің «жан түкпірінде жатқан ұғымдарды» білдіретін аффективті белгілерімен, Ф.Шеллингтің «бейсаналы-интуитивті алғашқы образдарымен» ұқсас, мәндес екенін атап өткіміз келеді. Ол Гетенің «алғыфеномендеріне» («прафеномендерге») жақын. Ақын «Орфикалық ілкі етістіктер» өлеңінде келесі ұлы күштерді көрсеткен:

- 1) тұлға перісі;
- 2) энтелехия идеясы;
- 3) тихе (тағдыр), өмірдің шешуші сәттерінің жиынтығы ретінде;
- 4) эрос, еркін және көңілді шешім мағынасындағы махаббат ретінде;
- 5) ананка, нақты өмірлік жағдайлардан туындайтын қажеттілік ретінде;
- 6) эльпис, болашақ бостандық пен дамудың үміті ретінде.

Мифологиялық зерттеулерде архетиптер «мотивтер» деп аталды; алғашқы қауым психологиясы Леви-Брюль енгізген «ұжымдық идеялар» ұғымына сәйкес келеді, ал салыстырмалы дінтану саласында оларды Хуберт пен Мосс «қиял категориялары» ретінде анықтады. Адольф Бастиан оларды «бастапқы ойлар» және «қарапайым идеялар» деп атады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар К.Г. Юнгтің кең ауқымды «архетиптік бағыттың» жалғастырушысы болғандығын айқындайды.

К.Г. Юнгтің жазбаларында архетиптердің сипаттамалары мүлде өзгеше. Себебі, оның әр жұмысы архетиптің бір қырын, қасиетін ашуға және нақты анықтама беруге бағытталған. XX ғасырдың көптеген зерттеушілері архетипке қызығушылық танытты. Архетип көбінесе психологияның, мифологияның, символиканың категориясы ретінде зерттеледі. Бұл жайында аса маңызды еңбек жазған Е.М. Мелетинский өз еңбектерінде З.Фрейд, О.Ранк, Э.Нейман, Ш.Бодуэн, Дж.Кэмбелла, Ж.Дюран сынды ғалымдарға сілтеме жасайды [9; 5–14]. Германиядағы менталистік мектебі мен АҚШ-тағы Жаңа сын қазіргі әдебиеттегі көркем шығармашылық ежелгі мифтердің прасимволдарының ретроспективті көрінуі тұрғысынан зерттеулер жүргізген. Э.Нойман «Сананың шығу тегі және тарихы» (1949) кітабы бойынша архетиптер — трансперсональды доминанттар деп көрсетілген. Ж.Дюран «Қиялдың антропологиялық құрылымдары» (1969) еңбегінде алғашқы құрылымдық схемалардың әсерінен символдар — сөзге, архетиптер — идеяларға айналады. Осылайша символдар, архетиптер және схемалардың динамикалық жүйесі баяндаушылыққа айналады деп санайды.

Бұл дегеніңіз, символикалық интерпретация туындының мәнін ішінен емес, шығармадан тыс, онда қолданылған образдардың бастапқы мағынасынан тапты. Өнер туындысы адамзат жасаған үлкен мифтің мәтіні ретінде қарастырылды, онда психоаналитикалық архетиптерге негізделген санаулы ғана шешуші әрекеттер сансыз нұсқада ұсынылған [10; 199–200].

Нортроп Фрай мифология мен жүйені, архетип және құрылымды біріктіре отырып, әдебиет тарихына жаңаша көзқараспен қарау керектігін ұсынды. Оның пікірінше, әдебиет — бұл алғашқы қауым мәдениетінен табуға болатын салыстырмалы түрде шектеулі және қарапайым формулалардың біте қайнауы. Біз оған қайта-қайта орала беретініміздің себебі: әдебиет — бейсаналық ілкі тип процестеріне байланған типологиялық кері байланыс жүйесі. Әдеби мотив, сюжет немесе әрекет мифпен анықталады.

Бұдан шығаратын қорытынды: мифология — бұл шығармашылықтың құрылымдық принципі. Миф — архетип.

Фрай өнердің негізгі бес поэтикалық режимін анықтады:

- миф, романсеро (аңыз, ертегі, аңыз әңгіме);
- жоғары еліктеу формасы (эпос, трагедия);
- төмен еліктеу формасы (комедия, реалистік проза);
- ирониялық поэзия.

Ол тіпті бүкіл көркем шығарманың «орталық мифін» анықтайды. «Орталық миф» — кейіпкердің шытырманға толы саяхатқа аттануы туралы аңыз. Ол табиғи циклдармен және «Алтын ғасырды аңсау» туралы арманмен тікелей байланысты. Әдебиет тарихы архетиптерді зерттеу тұрғысынан

келгенде «әдеби антропологияға» айналады: әдеби шығармалар шарттарға, шарттар жанрға, жанрлар алғашқы үлгіге, яғни архетиптерге иек артты.

Мод Бодкин «ұжымдық-мифологиялық» рух ұғымының негізінде психологиялық-әдебиеттік типология құруға әрекет жасады. Ол өткен ғасырдың 30-шы жылдары поэзиядағы архетиптік модельдерді ұжымдық дәстүр мен жеке өмірдің белгілері ретінде түсіндіруге талпыныс жасады. Оның типологиясына Батыстың көптеген зерттеушілері сүйенді [10; 200–204].

К.Леви-Стросс «Құрылымдық этнология» еңбегі арқылы Юнг пен Фрайдың архетиптік мифологиясына қарсы бола тұрып, мифті ұжымдық сананың негізгі мазмұны, тұрақты құрылымдардың негізі деп талдаған.

Мифтің архетиптілігін Э.Кассирер, К.Кереньи, Э.Ньюман, Г.Циммер, Ж.Дюран, Дж.Кэмпбелл, Д.Миллер және басқалар қолдады. Қазіргі ғылыми орта архетиптер теориясын ғалым Мирчи Элиаде (архетип — үлгі, еліктеу моделі [11; 210]) еңбектері арқылы кеңінен тануда. Сонымен қатар, архетипті Сабина Шпильрайның «мұраға қалған образдар», Дж.Кэмпбеллдің «тәжірибелер ізі» немесе Станислав Грофтың «пренатальды (туу алдындағы) матрицалар» түсініктері ғылыми кеңістікке кеңінен танымал деп ойлаймыз. Э.Самуэлстің зерттеулерінің арқасында біз этнологтардың, биологтардың, нейрологтардың, структуралистердің, батыстың түрлі мектептері өкілдерінің [12] зерттеу аясындағы алғашқы үлгі жайлы құнды ақпараттарға қол жеткізе аламыз.

Келтірілген мысалдарды қорыта айтқанда, философиялық-архетиптік ілім сан-алуан мектептер мен бағыттардан өтіп, ғылымға кең қанат жайды. Әдетте, Батыс ғылымында философиялық-архетиптік көзқарас әдебиеттен бөлек емес, қатар өмір сүреді.

Енді кезекте «архетип» ұғымының орыс әдебиеттануындағы зерттелу тарихына қысқаша тоқталып өтсек. Тарихи жағдайларға байланысты отандық ғылым және мәдениет Кеңес Одағымен тығыз байланыста болғандықтан бізге «архетип» туралы негізгі зерттеулер орыс әдебиеттанушыларының еңбегі арқылы жетіп отырды. Басқаша айтқанда, Кеңес Одағының сүзгісінен өтіп отырған жұмыстар ғана қолжетімді болды. Алайда, бұл орыс әдебиеттанушыларының «архетип» теориясына көп үлес қоспады, іргелі зерттеулер жүргізбеді деген сөз емес.

XX ғасырдың ортасына дейін орыс ғалымдарының барлығы дерлік Платонның ізбасарлары болды деп айтуға негіз бар. Мысалы, М.В. Ломоносов логикалық ілімін «қарапайым идея» деп аталатын ұғыммен бастады [13; 100]. Сол сияқты Григорий Сковороданың [6; 470] «идея» жайлы тұжырымдарын айтуға болады. Мұның себебі, XIX ғасырдың басында университеттер мен рухани академиялардың философиялық курстарына Платон философиясын зерттеу пәні енгізілгеннен деп болжаймыз. Сол кезеңде көптеген журналдарда Платон туралы мақалалар жарияланып жатты. Мысалы, А.А. Григорьев (1822–1864) «бейсаналық шығармашылық» жайлы алғашқы зерттеулер жүргізіп, «аватар» атты жаңа терминді енгізді. Ғалым аватар терминін мына үш пунктпен түсіндіруге тырысқан.

1) тұңғышқа бату, трансформация; көркем ойдың пайда болуы мен апогейі, бірқатар өзгерістерге ұшырауы.

2) дүниежүзілік әдеби ағза.

3) туғызушы «орталығы» бар әдеби дәуір.

«Ай астында ештеңе жаңа емес. Өнер жаңа дегенді білмейді, бірақ ол бесік жырындай ескіні біледі» [14; 240–243].

А.Ф. Лосев «Күнгілік мифологиясы» кітабында архетиптің пәлсапаға негізделген тұжырымдамасы мен қос таңба (немесе екінші дәрежелі таңба) ұғымын ұсынды.

Біз архетип теориясының қалыптасуындағы Юнгтің орнын төмендетуден де, асыра көрсетуден де аулақпыз. Тек «архетип идеясының» антикадан XX ғасырға дейінгі түрлі саладағы (әсіресе философиядағы) ізденістер мен түйсінулердің «жалпы сұлбасын» жасауда Юнгтің теориясы орасан зор орын алатынын атап өткіміз келеді. Себебі, ол өзіне дейінгі архетипке қатысты барлық арналарды тоғыстыра отырып, оны психология, мифология призмасынан өткізген. Яғни, трансцендентті немесе таңғажайып деген түсініктерді адами өлшемге түсірген. Юнг «призмасынан» өткен архетип ғылымның әртүрлі саласындағы «архетип идеясының» векторлық жолын көрсетіп берді. Олар:

- антикалық «арғыбастау»;
- тұрмыстағы (быть) «логостардың дәні»;
- Платондық «эйдос»;
- Августиндік құдайлық «сана»;
- Лейбництік «монад»;

- Канттық «интеллект-арғыобраз»;
- Гетелік «арғыфеномен»;
- В.Розановтық «сана схемасы»;
- П.Флоренскийлік «заттардың ноуманальді дәндері»;
- Вяч. Иванов пен С.Булгакованың Юнгқа дейінгі ұжымдық бейсаналық аналогы ретіндегі «әлемдік жан», т.с.с.

Юнг пен оның жолын жалғастырушылардың психоаналитикалық сферасына енбеген көптеген аспектілер бар. Сондықтан, архетип бастауларының ғылыми даму жолындағы «жалпы сұлба» тек тарихи-теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар, салалық (мамандандырылған) архетип теориясы үшін аса маңызды. Сол салалардың бірі, біздің жағдайымызда — әдебиет туралы ғылым.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде жарыққа шыққан «Батыстық ойлаудың тарихы» атты іргелі еңбекте: «...батыстық дүниетаным антикалық оқулардағы архетиптік мазмұннан басталған және XX ғасырда Юнг пен оның мұрагерлерінің архетип теориясымен аяқталған...» [15; 9] — делінген. Антикадағы дүниетанудың ғылыми және көркемдік ерекшелігі зерттеушілерді әлі күнге дейін таңғалдырып келеді. «...Әлемді архетиптік принциптерге сүйене отырып түйсінуге ешқашан өзгермек емес. Бұл тенденция гомерлік эпостан бастап, бүкіл грек мәдениеті жүріп өткен жолдан анық көрінеді... Оның түп төркінінде ғарышқа алғашқы болмыс немесе трансцендентті алғашқы ұстанымдар ретінде қарау жатыр» [15; 9].

М.Элиаде атап өткендей, ежелгі платоншылар мен Блаженный Августиннің «архетип» туралы түсінігі Юнг және оның жолын жалғастырушылардың еңбектерінде түбегейлі өзгеріске ұшыраған. «Бүгінгі күні бұл сөз Юнгтің арқасында мүлде басқа мағынаға ие болды» [16; 30]; «Екеуі (Платон мен Юнг) айтқан терминнің мағынасы емес, тек дыбысталуы ғана ұқсас» [16; 116]. Кейін бұл пікірді басқа да ғалымдар қуаттады.

«Архе» сөзін гректер көбінесе, әрине эстетикалық категориядан қарағанда, «бастау» мағынасында пайдаланған. Сонымен қатар, бұл сөзге кейде «принцип» мәнін де жүктеп отырған. Екеуін де белгілі бір «элементпен» жалғап айтқан. «Бастау» сөзіне от, су, жер, ауа сынды алғашқы бастаулардың арақатынасы арқылы қараған. Платонда «бастау» ұғымы алғашқы бастаулардан ажырап, жанға қатысты айтылады. Антикада «arche» дегеніміз алғашқы бастаулардың ауысу кезеңдерінің принциптерін анықтаса, Платонда оның өзі қалай пайда болды деген сұраққа жауап іздейді. Грек ғалымы үшін кез келген затқа: «бұл ешқандай басталусыз бұрыннан болған ба (көкке қатысты айтып отыр, — Автор), әлде қандай да бір басталудан пайда болған ба?» сұрақ қою керекпіз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, платондық идея жайлы оқулар архетип теориясының алтын қазығы болмаса да, оның түпбастауы екендігін, теорияның қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқанын мойындау керек. Егер архетип теориясының «алтын қазығы» десек, тақырып аясы тарылып қалған болар еді. Сондықтан, «архетип идеясының» алғашқы анық белгілері және «дүниеге келу теориясы» антикалық философия мен мәдениетте жатыр деген тоқтамға келдім.

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні, антика данышпандары иіріп берген жіпке әлемдік ғылым мыңжылдықтар бойы түрлі ойларды, концепциялар мен ұғымдарды маржандай тізген.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Юнг К.Г. Аналитическая психология / В.В. Зеленский. — СПб.: Кентавр, 1994. — 136 с.
- 2 Юнг К.Г. Архетипы коллективного бессознательного // Психология бессознательного / В.В. Зеленский. — М.: Наука, 1996. — 460 с.
- 3 Краткая философская энциклопедия / Е.Ф. Губский. — М.: Прогресс, 1994. — 575 с.
- 4 Платон. Государство: Сократ, Главкон, Полемарх, Фрасимах, Адимат, Кефал: 7 т. /пер. А.Н. Егунов // Древнегреческая философия: от Платона до Аристотеля [сочинения] пер. с древнегреч. — М.: Фолио, 1999. — С. 91–438.
- 5 Реале Дж. Западная философия от истоков до наших дней / Дж. Реале, Д. Антисери. — Т. 2. — СПб: ТОО «Петрополис», 1994. — 368 с.
- 6 Эпштейн М.Н. Образ художественный // Литературный энциклопедический словарь / В.М. Кожевников. — М.: Советская энциклопедия, 1987. — 750 с.

- 7 Беркли Дж. Трактат о принципах человеческого знания: сочинения / В.В. Васильев. — М.: Наука, 1978. С. 152–247.
- 8 Спиноза, Б. Этика, доказанная в геометрическом порядке / Б. Спиноза. — М.; Л.: Государственное социально-экономическое издательство, 1932. — 222 с.
- 9 Мелетинский Е.М. О литературных архетипах. (Чтения по истории и теории культуры, фонд культурная инициатива. Вып. 4) / Е.М. Мелетинский. — М.: Рос. гос. гуманитарн. ун-т., 1994. — 136 б.
- 10 Вейман Р. История литературы и мифологии / Р. Вейман. — М.: Прогресс, 1975. — 344 с.
- 11 Элиаде М. Аспекты мифа / М. Элиаде. — М.: «Инвест-ППП», СТ «ППП», 1996. — 240 с.
- 12 Самуэлс Э. Юнг и постюнгианцы. Курс юнгианского психоанализа / Э. Самуэлс. — М.: Че Ро, 1997. — 416 с.
- 13 Ломоносов М.В. Полное собрание сочинений / М.В. Ломоносов. — Т. 1. — М.: Изд-во АН СССР, 1952. — 620 с.
- 14 Григорьев Ап. Литературная критика / Б.Ф. Еоров. — М.: Художественная литература, 1967. — 631 с.
- 15 Тарнас Р. История Западного мышления («Страсти Западного ума») / Р. Тарнас. — М.: КРОН-ПРЕСС, 1995. — 356 с.
- 16 Элиаде М. Космос и история / М. Элиаде. — М.: Прогресс, 1987. — 312 с.

А.А. Мирзахметов

Архетип и «подсознание» в художественном творчестве

В статье раскрыто содержание явления «архетип» как идеи, систематизированы основные тенденции и понятия в области изучения архетипа. Он является одним из важнейших субстанций в нашей историко-культурной памяти. Введение этого понятия в научный оборот приобретает терминологический характер, оно связано с именем известного шведского ученого К.Г. Юнга. Автор статьи обращается к важным аспектам исследований в этой области до открытий К.Г. Юнга. Это понятие, восходящее к античной философии, обычно происходит от понимания «эйдоса», о котором говорил Платон. Также он встречается во взглядах Бл. Августина. С помощью сравнений выявляется то, что мнение таких мыслителей, как И. Кант, Г.В.Ф. Гегель, Ф.В.И. Шеллинг, созвучно мнению названных исследователей. Из научной концепции XX века в «архетип» также проиллюстрированы высказывания Э. Дюркгейма и Л. Леви-Брюля «коллективное понятие», Ф. Бастиана «простые идеи» или «первоначальное понимание».

Ключевые слова: архетип, идея, тенденция, концепция, бессознательное, миф, образ, сюжет, понятие, важнейшая субстанция.

A.A. Mirzakhmetov

Archetype and “subconsciousness” in artistic creativity

The article reveals the phenomenon “archetype” as an idea, systematizes the main trends and concepts. It is one of the most important concepts in our historical and cultural memory. The introduction of this concept into scientific circulation takes on a terminological character associated with the name of a famous Swedish scientist C.G. Jung. The author of the article also draws attention to the important conclusions of researchers before C.G. Jung. This concept, going back to ancient philosophy, usually comes from the understanding of “eidos” that Plato spoke about. It is also found in the views of St. Augustine. With the help of comparisons it becomes obvious that the opinions of such thinkers as I. Kant, G.V.F. Hegel, F.V.I. Schelling are in tune with the opinion of these researchers. From the scientific concept of the twentieth century, the “archetype” also illustrates the statements of E. Durkheim and L. Levi-Bruhl about “the collective concept”, F. Bastian’s “simple ideas” or “initial understanding”.

Keywords: archetype, idea, trend, concept, unconscious, myth, image, plot.

References

- 1 Jung, K.G. (1994). *Analiticheskaia psihologiya [Analytical psychology]*. Saint-Petersburg: Kentavr [in Russian].
- 2 Jung, K.G. (1996). *Arhetipy kollektivnogo bezsoznatel'nogo [Archetypes of the collective unconscious]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 3 *Kratkaia filosofskaia enciklopediya*. (1994). Moscow: Progress [in Russian].
- 4 Platon, (1999). *Gosudarstvo: Sokrat, Glavkon, Polemarh, Frasmah, Adimat, Kefal [State: Socrates, Glaucon, Polemarchus, Thrasymachus, Adimatus, Cephalus]*. 7. Moscow: Folio [in Russian].
- 5 Reale, Dzh. (Ed.) (1994). *Zapadnaya filosofiya ot istokov do nashih dnei [Western philosophy from its origins to the present day]*. Vol.2. Saint-Petersburg: «Petropolis». Moscow: Petropolis [in Russian].
- 6 Epshtejn, M. N. (1987). *Obraz khudozhestvennyi. Literaturnyj enciklopedicheskij slovar [The image is artistic. Literary encyclopedic dictionary]*. Moscow: Sovetskaja jenciklopedija [in Russian].
- 7 Berkli, Dzh. (1978). *Traktat o printsipakh chelovecheskogo znaniia [A Treatise on the Principles of Human Knowledge]*. Moscow: Nauka [in Russian].
- 8 Spinoza, B. (1932). *Etika, dokazannaya v geometricheskom poriadke [Ethics proven in geometric order]*. Moscow; Leningrad: Gosudarstvennoe socialno-ekonomicheskoe izdatelstvo [in Russian].
- 9 Meletinskij, E.M. (1994). *O literaturnykh arhetipakh [About literary archetypes]*. Moscow: RGGU [in Russian].
- 10 Vejman, R. (1975). *Istoriia literatury i mifologii [History of literature and mythology]*. Moskva: Progress [in Russian].
- 11 Eliade, M. (1996). *Aspekty mifa [Aspects of the myth]*. Moscow: "Invest-PPP", ST "PPP" [in Russian].
- 12 Camuels, E. (1997). *Jung i postjungiansy. Kurs jungianskogo psihoanaliza [Jung and the post-Jungians. Jungian Psychoanalysis course]*. Moscow: Che Ro [in Russian].
- 13 Lomonosov, M.V. (1952). *Polnoe sobranie sochinenii [The complete collection of works]*. Vol. 1. Moscow: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 14 Grigorjev, A. (1967). *Literaturnaia kritika [Literary criticism]*. Moscow: Hudozhestvennaia literatura [in Russian].
- 15 Tarnas, R. (1995). *Istoriia Zapadnogo myshleniia [Author's idea and artistic reality]*. Moscow: KRON-PRESS [in Russian].
- 16 Eliade, M. (1987). *Kosmos i istoriia [Space and history]*. Moscow: Progress [in Russian].